

Қазақстан Республикасы Президентінің "Мемлекеттік функцияларды орталықсыздандыру және бюджетаралық қатынастар мәселелері жөніндегі мемлекеттік комиссия туралы" Жарлығының жобасы туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 16 қазан N 1331 Қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

Қазақстан Республикасы Президентінің "Мемлекеттік функцияларды орталықсыздандыру және бюджетаралық қатынастар мәселелері жөніндегі мемлекеттік комиссия туралы" Жарлығының жобасы Қазақстан Республикасы Президентінің қарауына енгізілсін.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі

**Қазақстан Республикасы Президентінің
Жарлығы Мемлекеттік функцияларды орталықсыздандыру және бюджетаралық қатынастар мәселелері жөніндегі мемлекеттік комиссия туралы**

Мемлекеттік функцияларды орталықсыздандыру және бюджетаралық қатынастарды жетілдіру мақсатында қаулы етемін:

1. Қосымшаға сәйкес құрамда Мемлекеттік функцияларды орталықсыздандыру және бюджетаралық қатынастар мәселелері жөніндегі мемлекеттік комиссия құрылсын.

2. Қоса беріліп отырған Мемлекеттік функцияларды орталықсыздандыру және бюджетаралық қатынастар мәселелері жөніндегі мемлекеттік комиссия туралы ереже б е к і т і л с і н .

3. Мемлекеттік функцияларды орталықсыздандыру және бюджетаралық қатынастар мәселелері жөніндегі мемлекеттік комиссия 2002 жылғы 1 сәуірге дейінгі мерзімде Мемлекеттік функцияларды орталықсыздандыру және бюджетаралық қатынастарды жетілдіру тұжырымдамасын әзірлеуді қамтамасыз етсін.

4. Осы Жарлықтың іске асырылуын бақылау Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігіне жүктелсін.

5. Осы Жарлық қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Президенті

Қ а з а қ с т а н

Р е с п у б л и к а с ы

П р е з и д е н т і н і ң

2 0 0 1

ж ы л ғ ы

қ а з а н д а ғ ы

Ж а р л ы ғ ы н а
қосымша

Мемлекеттік функцияларды орталықсыздандыру және бюджетаралық қатынастар мәселелері жөніндегі мемлекеттік комиссияның құрамы

Жандосов	Қазақстан Республикасы Премьер-
Ораз Әлиұлы	Министрінің орынбасары, төраға
Оспанов	Павлодар облысының әкімінің
Мұхаметқали Нығметұлы	орынбасары, төрағаның орынбасары
Комиссия мүшелері:	
Әбдірахимов	Қазақстан Республикасының
Ғабидолла Рахматоллаұлы	Мемлекеттік қызмет істері жөніндегі
	агенттігі төрағасының орынбасары
(келісім бойынша)	
Адасбаев	Қазақстан Республикасының
Еркін Әбенұлы	Экономика және сауда вице-министрі
Айдарханов	Қазақстан Республикасының
Арман Тергеуұлы	Денсаулық сақтау ісі жөніндегі
	агенттігі төрағасының орынбасары
Ахметов	Ақмола облысының Целиноград
Болат Темірғалиұлы	ауданы Оразақ ауылдық округының
әкімі	
Бәйменов	Қазақстан Республикасының Еңбек
Әлихан Мұхамедияұлы	және халықты әлеуметтік қорғау
министрі	
Ермұханов	Ақтөбе облысы Хромтау ауданының
Әділша Мағрұпұлы	әкімі
Ертілесова	Қазақстан Республикасының Қорғаныс
Жаннат Жұрғалиқызы	вице-министрі
Есімханов	Қазақстан Республикасының
Сағындық Өлмесекұлы	Парламенті Сенатының депутаты
Жәмішев	Қазақстан Республикасының Ішкі
Болат Бидахметұлы	істер вице-министрі
Жүзенов	Оңтүстік Қазақстан облысы Кентау
Бегімше Бексұлтанұлы	қаласының әкімі
Жұмағұлов	Қазақстан Республикасының Білім
Бақыт Жантұрсынұлы	және ғылым бірінші вице-министрі

Келімбетов	Қазақстан Республикасының Қаржы
Қайрат Нематұлы	бірінші вице-министрі
Қосмамбетов	Қазақстан Республикасының
Төлебек Қосмамбетұлы	Парламенті Мәжілісінің депутаты
Котенко	Қазақстан Республикасы Премьер-
Наталья Леонидовна	Министрінің Кеңсесі Экономикалық
	бөлімінің меңгерушісі
Мамин	Қазақстан Республикасының Көлік
Асқар Ұзақбайұлы	және коммуникациялар вице-министрі
Мусина	Қазақстан Республикасының Ауыл
Лилия Сәкенқызы	шаруашылығы вице-министрі
Омарбаев	Алматы облысы Талғар ауданының
Кенжебек Омарбайұлы	әкімі
Оспанов	Қазақстан Республикасының
Қанат Төлеуұлы	Стратегиялық жоспарлау жөніндегі
	агенттігі төрағасының орынбасары
Сухорукова	Өскемен қаласының әкімі
Вера Николаевна	
Уахитов	Қарағанды қаласы Октябрь ауданының
Бекен	әкімі
Өтембаев	Қазақстан Республикасы
Ержан Әбілқайырұлы	Президентінің Әкімшілігі Басшысының
	орынбасары
Шүкеев	Қостанай облысының әкімі
Өмірзақ Естайұлы	
Қ а з а қ с т а н	Р е с п у б л и к а с ы
П р е з и д е н т і н і ң	
2 0 0 1	ж ы л ғ ы
№	қ а з а н д а ғ ы
	Ж а р л ы ғ ы м е н
бекітілген	

Мемлекеттік функцияларды орталықсыздандыру және бюджетаралық қатынастар мәселелері жөніндегі мемлекеттік комиссия туралы ереже 1. Жалпы ережелер

1. Осы Ереже Мемлекеттік функцияларды орталықсыздандыру және бюджетаралық қатынастар мәселелері жөніндегі мемлекеттік комиссияның (бұдан әрі - Комиссия) қызметін реттейді.

2. Комиссия қызметінің құқықтық негізін Қазақстан Республикасының

Конституциясы және заңдары, Қазақстан Республикасы Президентінің актілері, Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілері, сондай-ақ осы Ереже құрайды.

2. Комиссияның міндеттері мен функциялары

3. Комиссияның негізгі міндеті - Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік функцияларды орталықсыздандыру саласында тиімді шешімдерді пысықтау және бюджетаралық қатынастарды жетілдіру болып табылады.

4. Комиссия заңнамада белгіленген тәртіппен өзіне жүктелген міндеттерге сәйкес мынадай функцияларды жүзеге асырады:

1) мемлекеттік органдардың функцияларын талдау негізінде мемлекеттік басқарудың деңгейлері арасында оларды оңтайлы бөлу жөнінде ұсыныстар дайындайды;

2) мемлекеттік басқарудың деңгейлері арасында бюджетаралық қатынастар мәселелері жөнінде ұсыныстар дайындайды;

3) мемлекеттік басқарудың барлық деңгейлерінде шешімдер қабылдауда үлкен дербестік беру бөлігінде мемлекеттік басқаруды жетілдіру жөнінде ұсыныстар енгізеді;

4) мемлекеттік басқарудың барлық деңгейлерінің қызмет саласын регламенттейтін нормативтік құқықтық кесімдерді әзірлеу жөнінде ұсыныстар дайындайды.

3. Комиссияның құқықтары

5. Комиссия өзінің міндеттеріне сәйкес:

1) орталық атқарушы және басқа да мемлекеттік органдармен және ұйымдармен өзара іс-қимыл жасауға, сондай-ақ Комиссияның міндеттерін іске асыру үшін мамандар мен сарапшыларды жұмысқа тартуға;

2) заңнамада белгіленген тәртіппен мемлекеттік және басқа да ұйымдардан Комиссияның міндеттерін іске асыру үшін қажетті материалдарды сұратуға және алуға;

3) Комиссияның міндеттерін іске асыруға байланысты мәселелер бойынша бірінші басшыларды, ал олар болмағанда мемлекеттік органдар мен ұйымдардың бірінші басшысының міндетін атқарушы тұлғаларды Комиссияның мәжілісіне шақыруға және т а н д а у ғ а ;

4) оның құзыретіне енетін мәселелер бойынша шешімдер қабылдауға және ұсыныстар енгізуге құқығы бар.

4. Комиссияны қалыптастыру тәртібі және оның қызметі

6. Комиссияны Қазақстан Республикасы Үкіметінің ұсынысы бойынша Қазақстан Республикасының Президенті құрады.

Комиссияның құрамына :
Қазақстан Республикасы Үкіметінің мүшелері;
Парламент депутаттары (келісім бойынша);
мемлекеттік органдардың бірінші басшылары және (немесе) олардың орынбасарлары ;

жекелеген облыстардың, республикалық және облыстық маңызы бар қалалардың, ауыспалы негізде аудандардың әкімдері кіреді.

Комиссияның құрамына қажет болған жағдайда басқа да тұлғалар енгізілуі мүмкін.

7. Комиссияның органдары :

1) Комиссияның төрағасы ;

2) Комиссия төрағасының орынбасары ;

3) Х а т ш ы л ы қ .

8. Комиссияның жұмыс органы ретіндегі Хатшылықтың функциясы Қазақстан Республикасының Стратегиялық жоспарлау жөніндегі агенттігіне жүктеледі.

9. Комиссияның төрағасы оның қызметіне басшылық жасайды, Комиссияның мәжілістерінде төрағалық етеді, оның жұмысын жоспарлайды, оның шешімдерін іске асыру жөнінде жалпы бақылауды жүзеге асырады және Комиссия жүзеге асыратын қызмет үшін жауапкершілікте болады. Комиссия төрағасы болмаған уақытта оның функциясын төрағаның орынбасары орындайды.

10. Комиссияның отырысы айына кемінде 1 рет өткізіледі.

11. Комиссияның мүшелерінің мәжілістерге қатысу жөніндегі өзінің өкілеттіктерін басқа тұлғаларға табыстауға құқығы жоқ.

12. Комиссияның шешімдері ашық дауыс берумен қабылданады және егер олар үшін Комиссия мүшелерінің жалпы санының көпшілік дауысы берілсе, қабылданған болып саналады. Комиссия мүшелері шешімдер қабылдаған кезде тең дауыстарға ие. Дауыстар тең болған жағдайда, Комиссияның төрағасы дауыс берген шешім қабылданған болып саналады .

13. Комиссия мәжілістері күн тәртібінің мәселелерін қараудың нәтижелері әрбір мәселе бойынша дауыс берудің қорытындылары көрсетіле отырып, тиісті хаттамаларға енгізіледі. Комиссия қабылдаған шешім Комиссияның төрағасы қол қоятын хаттамамен ресімделеді. Комиссияның мүшелері қабылданған шешіммен келіспеген жағдайда, мәжілістің хаттамасына қосылып тіркелетін ерекше пікірін жазбаша түрде айтуға құқығы бар .

14. Комиссияның өзіне жүктелген міндеттерді орындау мақсатында қабылдаған шешімдері барлық мемлекеттік органдардың көрсетілген мерзімде міндетті қарауына және орындауына жатады .

15. Хатшылықтың функциялары Комиссия мәжілістеріне материалдар дайындау,

оларды Комиссия мүшелеріне жіберіп отыру, Комиссия мәжілістерінің хаттамаларын дайындау, Комиссияның құзыретіне енетін мәселелер бойынша орталық атқарушы және басқа да мемлекеттік органдармен және ұйымдармен өзара іс-қимыл жасау болып табылады.

5. Комиссияның қызметін тоқтату

16. Комиссияның қызметін тоқтатуға:

1) Комиссияға жүктелген міндеттемелерді орындау;
2) Қазақстан Республикасы Президентінің Комиссияның қызметін тоқтату туралы шешім қабылдау негіз болып табылады.

17. Осы Ереженің 16-тармағында көрсетілген, Комиссияның қызметін тоқтатуға әкеп соқтыратын жағдайлар туындаған кезде Қазақстан Республикасының Президентіне және Қазақстан Республикасының Үкіметіне жасалған жұмыс туралы есеп-хат жіберіледі.